

**Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі сараптама кеңесін құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 6 мамырдағы 121-ө  
Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14  
сәуірдегі № 303 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 303 Қаулысымен**

"Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасын бекіту туралы  
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 1097  
қаулысын іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі  
сараптама кеңесі (бұдан әрі - Сараптама кеңесі) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Сараптама кеңесінің құрамы бекітілсін.

3. Сараптама кеңесі "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы"  
бағдарламасына сәйкес оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар  
мен ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика  
және бюджеттік жоспарлау министрі Б.Т. Сұлтановқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2008 жылғы 6 мамырдағы  
N 121-ө өкімімен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту  
мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы**

Иманқұлов

- Қазақстан Республикасының

Еділбай Ісләмұлы

Парламенті Сенатының депутаты,  
Экономика және өңірлік саясат

комитетінің мүшесі

Бобров

- Қазақстан Республикасының

Владимир Яковлевич

Парламенті Мәжілісінің депутаты,

Экономикалық реформа және өңірлік

даму комитетінің төрағасы

- Ақшолақов - Қазақстан Республикасының  
Болат Оралұлы Энергетика және минералдық  
ресурстар вице-министрі
- Әбілезов - Қазақстан Республикасының  
Қарыбай Тілеубергенұлы Индустрия және сауда  
вице-министрі
- Біралиев - Қазақстан Республикасының  
Әлжан Хамидоллаұлы Қоршаған ортаны қорғау  
вице-министрі
- Қасымбек - Қазақстан Республикасының Көлік  
Жеңіс Махмұдұлы және коммуникация вице-министрі
- Төлібаев - "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік  
Марат Еркінұлы корпорациясы" ұлттық компаниясы"  
акционерлік қоғамының басқарма  
төрағасы (келісім бойынша)
- Перуашов - "Атамекен" одағы" Қазақстан  
Азат Тұрлыбекұлы Ұлттық экономикалық палатасының  
төрағасы (келісім бойынша)
- Әлимұхамбетов - "Қазақстан Халық Банкінің  
Нұржан Ержанұлы жинақтаушы зейнетақы қоры"  
акционерлік қоғамының басқарма  
төрайымының орынбасары (келісім  
бойынша)
- Өртенбаев - Қазақстан қаржыгерлері  
Асқар Қалмұхаметұлы қауымдастығының басқарушы  
директоры (келісім бойынша)
- Камаров - "Активтерді басқарушылардың  
Талғат Қайырбекұлы қауымдастығы" заңды тұлғалар  
бірлестігі кеңесінің төрағасы  
(келісім бойынша)
- Баталов - "Raimbek Group" жауапкершілігі  
Райымбек Әнуарұлы шектеулі серіктестігінің  
президенті (келісім бойынша)